

«Бекітемін»
№280 негізгі мектебінің
мектеп директоры
 Ж.Кумекбаева

**№280 негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылына
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының
жылдық жоспары**

Мектеп тәлімгері: Р.Серікбай

Қызылорда, 2021-2022 жыл

«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

- Әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымының қалыптасуын, адамгершілік қасиеттерін, еңбекке деген сүйіспеншілігін қамтамасыз етіп, жан- жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу;
- Қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп, бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге барынша ықпал жасау;
- Халқымыздың тарихы мен салтын, тілін сүйуге және оны құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, Қазақстанның басқада халықтарының мәдениетін зерттеулеріне және игеруіне негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, діни төзімділікті қалыптастыруына ықпал жасау;
- Салауатты өмір салтын құру мақсатында оқушыларды білікті сауаттылыққа және білімді информациялауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның өзін- өзі іс жүзінде көрсетуі мен әрі қарай дамуына ықпал етуде балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін жалпы білімге икемділігін, өзін- өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын барынша дамыту бейімділігін қалыптастыру;
- Оқушыларға патриоттық және интернационалдық тәрбие беруге ерекше назар аудару, еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдар беруге жұмыстар жүргізу;
- Жеке тұлғаның өзіне- өзі сенімділік, өзін еркін ұстай білу т.б қасиеттерін дамыту.

Қызылорда 2021-2022 ж

«Жас Ұлан –жарқын болашақ » жылдық акциясының жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Тәрбие жұмыстарының бағыттары	Қатысушылар	Уақыты
1	«Азат елдің - Ата заңы » Құттықтау челленджі . (бейнеролик)	Оқушылар арасында онлайн құттықтау челенджі.	2-4 сынып оқушылары	Тамыз
2	«Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының белсенділерін тағайындау.	Өндірістік жиналыс	«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері	Қыркүйек
3	Қызылорда қаласының мерей тойына арналған «Туған жерім- Қызылорда» атты мерекелік іс- шара.	Рухани адамгершілік тәрбие.	Мектептің барлық оқушылары	Қыркүйек
4	«Оқуға құштар ұлан» акция. (Бейнеролик)	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ұландарды кітап оқуға дағдыландыру, насихаттау ,қызығушылықтарын арттыру.	Мектептің барлық оқушылары	Қыркүйек
5	«Отаныма 30 қайырымды қадам» жылдық акциясы аясында «Балалар әлеміндегі игі істер» қайырымдылық акциясы.	Рухани- адамгершілік тәрбие, «Қарттарым асыл қазынам» (қарт кісілерге көмек көрсету)	9 сынып оқушылары	Қазан
6	Музей сағаты.	Жергілікті музейлер мен ынтымақтастықта музей сағаттарын ұйымдастыру.	5-7 сынып оқушылары	Қазан
7	«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» (мұғалімдер мерекесіне байланысты іс-шара)	Рухани- адамгершілік тәрбие.	9 сынып оқушылары	Қазан
8	«Алтын күз» мерекесі(байқау)	Экологиялық және эстетикалық тәрбие	1-4, 5-9 сыныптар	Қараша
9	Плоггинг. (Эко сайыс)	Жас ұландарды әлеуметтік жауапкершілікпен экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.	5-9 сынып оқушылары	Қараша

10	19 қараша – Дүниежүзілік темекіге қарсы күрес күні (спорттық сайыс)	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.	5-9 сынып оқушылары	Қараша
11	«Отаныма 30 қайырымды қадам» жылдық акциясы аясында «Менімен бірге арманда» қайырымдылық акциясы.	Қолайсыз отбасыдан шыққан, арнайы есепте тұратын, мінез-құлқы қиын балалармен іс-шара өткізу.	5-7 сынып оқушылары	Қараша
12	«Тәуелсіздік еліміздің ерлік жолы» 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай іс-шара өткізу. «Ұлы елдің ұландары» атты жас ұлан қатарына қабылдау салтанатты жиыны.	Азаматтық, патриоттық, құқықтық тәрбие. Оқушыларды Жас Ұлан ұйымына қабылдау салтанатты жиыны	1-9 сынып оқушылары	Желтоқсан
13	«Қош келдің Жаңа жыл!» мерекелік іс-шара	Көп мәдениетті және эстетикалық тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Желтоқсан
14	«Жақсылық жасап жарыс» акция	«Балалар әлеміндегі игі істер» жобасын жалғастыру. Балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай шараларға қатыстыру. (Кітапханаға көмек көрсету)	5-9 сынып оқушылары	Қаңтар
15	«Қыс көріністері» тақырыбына сурет байқауы	Ұлттық тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Қаңтар
16	«Тәлімгер таным» тәлімгер уақыты	Тәлімгерлердің рубрикасын ашу. Рубрика арқылы жас ұландарға танымдық сағаттар, соның ішінде туған өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштер туралы таныстыру.	5-7 сынып оқушылары	Қаңтар
17	«Әкем үйреткен» (Бейнеролик)	Әдет-ғұрыптарды түсіндіру бойынша іс-шаралар, әкеден үйренген өнегелерін көрсету.	5-7 сынып оқушылары	Ақпан
18	«Үнем-қоғам қуаты» бейнеролик	Күнделікті өмірде нені үнемдеу керек, үнемшілдік не үшін керек?	1-4 сынып оқушылары	Ақпан

19	«Қайырымды бол» атты мейірімділік шаралар	Қарт кісілерге көмек беру	9 сынып оқушылары	Ақпан
20	«Бес тас», «Асық ату» ұлттық ойындарынан спорттық сайыс.	Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағыттау шараларын ұйымдастыру. Ұлттық ойындарды насихаттау арқылы үздіктерді анықтау. Балалар арасында «Бес тас», «Асық» ойындарын дамыту.	5-7 сынып оқушылары	Ақпан
21	«Family day» жобасын іске асыру акция	Отбасылық тәрбие арқылы отбасылық дәстүрлерді сақтауға және отбасының әлеуметтік – мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағыттау.	Акция	Наурыз
22	«Эко сельфи» байқауы	Рухани адамгершілік тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Наурыз
23	«Армысың Әз Наурыз» мерекелік іс-шара	Азаматтық патриоттық тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Наурыз
24	«Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды сақтау» күніне орай акция (Бейнеролик)	Патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбие	5-9 сынып оқушылары	Сәуір
25	«Халықтар достастығы» 1 мамыр мерекесіне арналған мерекелік іс-шара	Азаматтық- патриоттық, құқықтық және мәдениеттілік тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Мамыр
26	«Жас сарбаздар» 7 мамыр мерекесіне орай жігіттер сайысы	Азаматтық- патриоттық, құқықтық тәрбие	6-9 сынып оқушылары	Мамыр
27	«Жеңіс туы желбіре» 9 мамыр мерекелік іс-шара	Азаматтық- патриоттық, құқықтық тәрбие	1-9 сынып оқушылары	Мамыр
28	«Сыңғырла соңғы қоңырау» Түлектермен қоштасу іс-шарасы	Салтанатты жиын	1-9 сынып оқушылары	Мамыр